

Ата-аналарға консультация

Тақырыбы: *«Жас ерекшелік дағдарыстары және мектепке дейінгі балалардың мінез-құлық ерекшеліктері»*

Баланың дамуында белгілі бір кезеңдерде мінез-құлқында өзгерістер пайда болуы мүмкін. Бұл әрдайым тәрбиенің дұрыс еместігін білдірмейді. Көп жағдайда бұл баланың өсіп, дербестікке ұмтылуының табиғи көрінісі.

Мектепке дейінгі кезеңде жиі кездесетін ерекшеліктер:

- «өзім істеймін» деген ұмтылыс;
- ата-ананың талабына қарсылық білдіру;
- қырсығу;
- жиі «жоқ» деп жауап беру;
- эмоциясын қатты көрсету;
- бір әрекеттен екіншісіне ауысудың қиындығы;
- өз қалауын бірден орындауды талап ету.

Ата-ана не істей алады?

- баламен сабырлы дауыспен сөйлесу;
- нақты әрі қысқа талап қою;
- бірнеше тандау мүмкіндігін ұсыну;
- жақсы әрекетін міндетті түрде атап өту;
- баланың сезімін сөзбен жеткізуге үйрету;
- ережені алдын ала түсіндіру;
- жазалау орнына логикалық салдарды қолдану;
- баланың жасына сай талап қою.

Мысалы:

«Киін!» дегеннің орнына:

«Қазір серуенге шығамыз. Алдымен күртеңді киесің бе, әлде аяқ киіміңді киесің бе?» деп таңдауға мүмкіндік беруге болады.

Маңызды: баланың әрбір қырсық мінезін «тәртіпсіздік» деп қабылдамау керек. Кейде бала өзінің шаршағанын, ренішін немесе қалауын басқа жолмен жеткізе алмайды.